


Қазақстанның пайдалы қазбалары

Қазақстанның жер қойнауында Д. Менделеев кестесінің 99 элементі кездеседі, соның 70 элементінің қоры мол. Оның 60 түрі өндіріледі. 6 мыңға жуық пайдалы қазбалар алынатын кен орындары ашылған. Оларды былайша жіктеуге болады:



Жанатын пайдалы қазбаларға мұнай мен газ жатады. Олар Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында шоғырланған. Осы өлкеде мұнайдың бар екені 1899 жылы анықталған. Қазақстанда мұнай мен газ шоғырланған 14 алап және 207 кен орны бар.

Бүгінде республикада жылына шамамен 55 млн. тонна мұнай, 7,5 млрд. м³ газ өндіреді. Шетелге 17 млн. тоннадай өңделмеген мұнай шығарылады. 10 көмір алабы, 300 кен орны бар, жалпы 162 млрд. тонна қоры бар. Қарағанды алабы – 3600 шақырым шаршы жерді алып жатыр. Ол – негізгі көмір базасы.

Тас көмірдің 80 қабаты анықталған. Қалыңдығы 120 м, жалпы қоры – 45 млрд. тонна. Екібастұз көмір алабындағы (Павлодар облысы) ауданы 160 шк² көмір қабатының қалыңдығы 150 м, ашық әдіспен өндіріледі, ал ең арзан «Алып» кенішінде жылына 36 млрд. тонна көмір өндіріледі.

Тапсырма

1-жаттығу

Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Жанатын, кенді, кенді емес, пайдалы қазбалар, ашық кен орындары, жабық кен орындары.

2-жаттығу

«Менің елімнің пайдалы қазбалары» деген тақырыпта сұхбат құрастырыңыз (5-6 сөйлем).

3-жаттығу

«Қазақстан экспортқа қандай пайдалы қазбалар шығарады?» тақырыбы бойынша ақпарат беріңіз.